ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

АР-ДАҚ

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ
Айрықша ақпараттарыңыз болса «Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген уақытында мына байланыс телефоны арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

№5 (887) 5 ақпан, 2021 жыл | Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет | ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475

«БЕНЗИН ІШКІШ» МИНИСТРЛЕР КІМДЕР?

Жылт еткен жетістігінді жіпке тізіп отыру – бүгінгі заманның талабы. Біз үшін оның жақсы немесе жаман болуы шарт емес. Мәселе кімнің алға шыққанында. Ал қарап көріңіз, 2020 жылы көлік шығындары үшін қай министрлік қанша қаржы жұмсаған?

PROTENGE телеграмм каналы жариялаған мәліметке қарасақ, кімдердің «көш бастап», кімдердің «жұртта қалғаны» бірден аңғарылады. **Бір жылда 81,3 млн тенгені транспорттық шығындарға жұмсаған Қаржы министрлігі атойлап алға шығыпты.** Бұл соңғы қатардағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шығынынан 2,5 есеге жуық

артық. Сонда аграрлық салаға қарағанда, қаржы саласы шенеуніктерінің шапқылайтын шаруасы көп болғаны ма? Әлде қазанның қақпағын ұстаған министрліктегілер қаржыны қалай жұмсасақ та өзіміз білеміз дей ме?

Осындайда еске түседі, баяғыда Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаев Қаржы министрі Бақыт Сұлтановтың құлағын қызарғанша «бұраған» болатын: «Егер бізде дұрыс Қаржы министрі, қазынашы болса, онда ол әрбір тиынды қадағалап отырар еді. Ал сен бере бересің. Мемлекет қазынасы саған сеніп тапсырылды. Сен менің қазынаны қадағалайтын жеке өкілімсің» – деген.

Демек еліміздің екінші президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та қазіргі Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың құлағына назар аударып қоюы керек шығар деп ойлаймыз.

Екінші орында 72,7 млн тенге шығынмен Ұлттық экономика министрлігі тұр. Рас, Әсет Ерғалиев бұл қызметке күні кеше ғана тағайындалды. «Экономиканы жаңғақша шағады» деген жас министр енді өзі басқарған саланы көлік шығынына қатысты тізімнен ептеп төмендетеді деп үміттенеміз.

Ал үшінші орындағы (63,8 млн теңге) Энергетика минстрлігінің тізгінін ұстаған Нұрлан Ноғаев не істейтінін өзі шамалауы керек. Өйткені кілең жас министрлер арасында Ноғаевтар «ақсақал» секілді көрінеді қазір. Ал ақсақалдық дегеніміз ақшаны оңды-солды шашумен өлшенбеуі керек қой.

Мұның бәрін неге айтып отырмыз? Егер алғашқы үштікке дәл осы министрліктер ілікпесе, бұл туралы сөз қозғамай-ақ қоюға да болар еді. Неге? Өйткені Қаржы, Ұлттық экономика, Энергетика секілді министрліктер мемлекеттің әр тиынын ұқыппен жұмсайтын, қолынан келгенше үнемдеуге тырысатын салалар болуы тиістін. Халық та, үкімет те олардан осындай ыждаһаттылық күтеді. Мұны бір деп қойыңыз, екіншіден, аталған министрліктердің ел аузындағы екінші аты – «Кабинеттік салалар». Себебі жұмыстың дені кабинетте, компьютердің пернетақтасында атқарылады.

Қаржы министрлігінің жер айдап, егін салмайтыны, Ұлттық экономика министрлігінің жол жөндеп, құдық қазбайтыны белгілі ғой. Ендеше дәл осы министрдердің көлік шығынына көп ақша жұмсайтынын қалай түсінуге болады?

«Бесінші нүктесі» жер иіскемейтіндей Аида Балаева басқаратын Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіндегілер не істейтінін түсінбедік. Көлік шығыны – 52,5 млн теңге.

Егер 2020 жылы шаруасы көбейіп, мұрнынан шаншылды дейтін сала болса, ол А.Цойдың «иелігіндегі» Денсаулық сақтау министрлігі болуы тиіс еді. Былтыр дәрігерлер ғасырда бір келетін індетпен алысты. Әлі де алысып келе жатыр. Адам талғамайтын вируспен қарсы күреске күш салған осы министрлік мамандары. Демек **Денсаулық сақтау министрлігінің қай шығыны көбейсе де, құлаққа қонымды көрінеді. Бірақ бұл министрліктің транспорттық шығыны 47,5 млн теңге.** Озған үштікті былай қойғанда, Экология, геология және табиғи ресурстар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінен әлдеқайда төмен тұр.

Ары-бері шапқылайтын шаруасы көп, сондықтан көлік шығыны да көп-көрім сала – Ауыл шаруашылығы министрлігі болуы мүмкін еді. Өйткені көктемгі егіс, күзгі орақ секілді толып жатқан науқандық жұмыстар осы министрлікке тиесілі. Бірақ шығыны – 34,1 млн теңге, үшінші орындағы Энергетика министрлігі жұмсаған

қаржыдан екі есеге жуық аз. Сонда өткен жылы аграрлық саланың шенділері үйден шықпай жұмыс істеген бе? Әлде Сапархан Омаровтың «солдаттары» көлікті қойып, атқа мінген бе? Әйтпесе, шаруасы шаш-етектен аграрлық саланың ақша үнемдеудегі ерекше алғырлығын қалай түсінуге болады?

Министрліктердің көлік шығынына қатысты мәліметтерді дереккөз Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының қызметіне жүгінген және тұтынған қызметіне төлеген

электронды актілері негізінде түзген екен. 2020 жылдың күзінде құрылғандықтан, Төтенше жағдайлар министрлігі бұл тізімге енбеген.

Тағы төрт министрліктің есебі жоқ. Олар: Қорғаныс, Сыртқы істер, Ішкі істер және Әділет министрліктері. Бұлардың шығынын жіпке тізіп жіберсе, жоғарыдағы үштіктің орны ауысып кетуі ғажап емес.

nege.kz

КҮН КҮРКІРЕГЕН СОҢ ЖАУУЫ КЕРЕК!

Қазақстан Республикасының Конституциясының 51-бабында «Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды» -деп көрсетілген.

Демек, Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі тоғыз депутатын сайлау Конституциямен арнайы бекітілген.

Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясына берілген өте зор мәртебе!

Сондай-ақ, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» арнайы заң да бар. Аталған заңның 6-бабында «5) демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;» және «10) шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету;» – Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары екені ашық жазылған.

(Жалғасы 6-бетте)

ТАУЫҚТАР КӨТЕРІЛІСІ. НЕГЕ ЖҰМЫРТҚА БАҒАСЫ ҮКІМЕТТІҢ БАР ЕҢБЕГІН ЗАЯ КЕТІРМЕК?

Еліміздегі кейбір сауда орындарында жұмыртқаның бағасы 600 теңгеге жетті. Бұл абсолютті рекорд және жұмыртқаны Қазақстандағы бағасы ең тез өсіп жатқан азық-түлік тауарына айналдырып отыр.

Тауықтар туудан шаршай бастады ма? Ұлттық Банктің жоспары бойынша биылғы инфляция деңгейі 4-6% коридорында қалуы тиіс. Бірақ азық-түлік бағасының желтоқсан мен қаңтарда одан бетер қымбаттауы осы айда инфляцияның төмендей қоймайтынын анық аңғартады.

Ұлттық статистика бюросы мәліметі бойынша, 2020 жылы жұмыртқа бағасының қымбаттауы 20 процентті құрады. Сонда баға шамаман бір жылда 380 теңгеден 460 теңгеге өскен. Ал биылғы жылдың басынан бері бір айда жұмыртқа 460 теңгеден 600 теңгеге (30%!) бірақ қымбаттап отыр.

«2020 жылдың соңында жұмыртқа бағасының өсуі бірқатар себептерге байланысты болды. Біріншіден, жұмыртқа өндірісінің өзіндік құны 20 процентке өсті, себебі жем компоненттері - бидай, өсімдік майы, соя және күнбағыс ұнтағы 20-60%-ға қымбаттады», - дейді, Nege.kz шолушысына осы мәселе бойынша түсініктеме берген Қазақстанның жұмыртқа өндірушілері қауымдастығының төрағасы Максим Божко.

«Одан кейін, мемлекет былтыр құс фабрикаларына көрсетіліп келген қолдауды екі есеге қысқартқаннан кейін, фабрикалар күркі тауықтардың санын азайта бастады. Оған қоса, былтыр қыркүйек-қазан айларында құс тұмауы жүріп, жұмыртқа өндірісі 20 процентке төмендеді. Осылардың барлығы жиыла келе қазір жұмыртқа тапшылығын туды-рып отыр»

Ал, Экономикалық бастамаларды қолдау қоры сарапшларының пікірінше, жұмыртқа бағасының күрт өсуі «домино эффектісіне» алып келуі мүмкін. «Өндірісіне жұмыртқа қажет түрлі заттар - кондитерлік және тәтті нан өнімдері қымбаттайтын болады. Таңғы ас беретін асханалар, отельдер де тағам бағасын өсіре бастайды».

«Жұмыртқа бағасының өсуіне өндірістік факторлар себеп болғаны түсінікті. Бұл жерде алыпсатарлардың арадағы маржасы қандай, соны білу өте маңызды. Егер делдалдарды фабрика мен тұтынушының арасынан алып тастасақ, бағаны сәл де болса төмендетуге болар еді»

Максим Божконың айтуынша, қазір жұмыртқаға деген сұраныстың маусымдық өсуі жүруде. «Мысалы, қыста жұмыртқа жазға қарағанда екі есе көп сатылады», - дейді, салалық қауымдастық төрағасы. Ол жұмыртқа бағасының маусым айларында, оған деген сұраныс төмендей бастағанда қайта түсетініне сенімді.

Бірақ бағалар өзінің бір жыл бұрынғы көрсеткішіне қайта оралмайды. Себебі жемнің енді арзандауы екіталай.

nege.kz

ШЫҢҒЫС МҰҚАН: ӘКІМДІКТІ АСҚАРОВТЫҢ МҰРАСЫНА ҚАРСЫ ЕТІП СУРЕТТЕУ – ӘБЕСТІК

Бүгінде үшінші мегаполисте ипподромға қатысты дау өршіп тұр. Ипподром орнына жаңа тұрғын-үй кешені түскенін бір жақ түрлі аргументтерді алға тарта отырып қолдаса, екінші жақ өз дәлелімен қарсы уәж айтады. Ипподромға қатысты өзекті сұрақтарды жинақтап, Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқанға қойдық.

«Саудаласса, мемлекеттің мүддесі үшін саудаласты»

– Әйтеновті жұрт «торгач» деп сынап жүр. Неге ипподромды сатып жіберді?

– Ипподромды ешкім сатқан жоқ. Мәселе мынада. Басында жүрген соң айтайын. BI group әкімге бірнеше жерге үй салам деп келді. Соның ішінде ипподромның жері де бар. Сосын әкім: «Осыдан екі жыл бұрын қалалық мәслихат ипподромды қаланың сыртына көшіру туралы шешім шығарған. Сол ипподромды тегін салып бересіңдер», – деді.

Жаңа ипподромға 2 млрд теңгенің үстінде ақша керек. Олар ойланайық деп кетті. Бір айналып қайтып келді. «Жақсы, салып береміз» деді. Әкім: «Үй салған жерге мектеп пен емхана керек. BI group оған да келісті. Сосын әкім: «Тек үй салып қоймайсыздар, бұл жер қалада өзіндік орны бар аумаққа айналуы тиіс. Арғы жағы Шымситиге жалғасып кететін променад, бергі жағы Дендропаркке дейін өтетін жаяу жүргіншілерге арналған велокөпір саласыздар», – деді.

«Променад» – астанадағы Ақорда мен Хан-Шатырдың арасындағы үлкен аллея. Бірнеше жерде фонтандары бар. Рекреациялық зона. Оған да келісті. Әдетте қаланың бюджетінен, яғни біздің, салықтөлеушілердің қалтасынан шығатын шығынды BI group өзі мойнына алып тұрған соң, ипподромның 36 гектар жерін тегін беріп жіберуге болатын еді. Көптеген облыстар инвестор келсе, жері мен инфрақұрылымын онсыз да тегін беріп жатыр. Жоқ, әкім оны да 3,5 млрд теңгеге сатып аласыңдар деп талап қойды. Бұл қаржы мемлекеттік бюджетке түседі.

Компанияның оңтүстік бойынша дивизионын аштырып, 10 млрд теңгеден астам салығын да Шымкенттің бюджетіне түсіретін болды. Ол салықтан әкімдік мұғалімдер мен дәрігерлерге айлық береді, басқа да әлеуметтік мәселені шешеді. Осындай айларға созылған, бірақ мемлекеттің мүддесіне шешілген келіссөзден кейін «саудагер» деу ешқандай қисынға келмейді. Әкім инвестормен саудаласқан болар, бірақ өз мүддесі үшін емес, мемлекеттің мүддесі үшін саудаласты.

– Бұл жер парктің жері ғой. Онсыз да қалада ағаш азайып бара жатыр…

– Біріншіден, бұл парктің жері емес. Рекреациялық аймақ – парк аймағы емес. Рекреациялық аймақ дегеніміз, демалыс аймағы, яғни балалардың ойын алаңын салсаң да, велосипедпен жүретін жолақ салсаң да, ол рекреациялық аймақ болып есептеледі. Ол жерде ешқандай ағаштың басынан жапырақ түспейді. Суретте көріп тұрғандай Бәйдібек бабаның ескерткіші тұрған қырдан бері құлайтын жасыл-жебек қаз қалпында қалады. Шаңы шығып, оншақты жыл қаралмай қалған, жылдар бойы жарыс өтпеген ипподромның ортасы мен жартылай қираған атқоралардың орнына салынады.

Әкімді табиғаттың қас жауы етіп көрсететін адамдарды түсінбей отырмын. Шымкентте 6 млн ағаш бар. Әр шымкенттікке 6 ағаштан келеді. Ал Алматыда әр адамға 13 ағаштан келеді. Осыған байланысты Мұрат Дүйсенбекұлы 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен 5,5 миллион ағаш егіп, жасыл белдеу жасау жоспарын бекітті. Енді пайдаланылмай жатқан жекедегі жерлерді мемлекетке қайтарып, жасыл-желек егіледі. Мыңдаған гектарға! Жасжелек қоры екі есеге жуық артпақ. Жасыл белдеу – бұл Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуі сияқты мыңдаған гектар жасыл-желек.

Бір нәрсені түсіну керек. Алты мың ағашты бес күнде егіп тастауға болады. Ол қиын емес. Ал алты мың пәтерді салуға жылдар қажет. Ипподромның орнына парк салсын, демалыс аймаққа айналдырсын деп жатыр. Сол жағында 107 гектар Дендропарк, ортасында 29 гектар зообақ (ол да парк іспетті), оң жағында 76 гектар «Қазына» саябағы бар. Ол жерге тағы 30 гектарға ағаш еккенмен ешнәрсе өзгермейді. Былайынша айтқанда, үш парк қатар тұрған жерге қыстырып төртінші паркті салғанда не өзгереді? Сол парктерге күнделікті жаяу келетіндей тұрғын үйлер болмаса, ол парктерге кім барады?

– Бұл Асанбай Асқаровтан қалған мұраға қол сұғу емес пе?

– Бұл жерде әкімдікті Асқаровтың мұрасына қарсы етіп суреттеу – әбестік. Егер әкімдік қарсы болса, Үкіметтің қаулысын шығарып, Дендропаркке Асанбай Асқаровтың атына алып берер ме еді? Ипподромның дәл қазіргі күйі Асанбай атамыздың әруағын разы қыла қоймас. Қала әкімі қайта сол кісінің салған ипподромын одан әрі жаңғыртып, биік жақсы жерге көшіріп жатыр. Тіпті ескі ипподромның тасын пайдаланып, элементтерін алуға болады. Жаңа ипподромның қабырғасына «Шымкент ипподромы 1979 жылы Асанбай Асқаровтың бастамасымен салынып, 2021 жылы Бозарыққа қайта жаңғыра көшірілді» деп жазылады.

«Шымкенттің болашағы инвестицияға байланысты»

– Әкімдік халықпен санаспайды деп жатыр. Неге?

– Егер әкімдік халықпен санаспаса, қоғамдық тыңдау өткізбес еді. Қала жерін коммерциялық құрылысқа берейін деп жатқан алғашқы әкім Әйтенов емес. Бизнеске бұған дейін де беріледі, бұдан кейін де беріледі. Қай уақытта қоғамдық тыңдау өтіп еді? Әрине, әкімнің басты міндеті – бюджет қаржысын ұлғайту және тұрғындарды жұмыспен қамту. Ол үшін инвестиция керек. Президентіміздің өзі инвестор тартыңдар деп тапсырып отыр. Әкімдікке инвесторлар қанша керек болғанымен, әкімдік халықтың сөзіне құлақ асады. Талай талқыланып, иині қанып, 19 ақпанда халық алдында ортақ шешім қабылданады.

– Инвестиция әкелді дейсіздер. BI group салған үйін сатып, шаш етектен пайда таппай ма?

– Кеңес кезінде басшы болған бір ағамыз: «Олар үйлерін қымбатқа сатады» деп айтады. Үйді сатады екен деп ешнәрсе салмай отырамыз ба? Экономика бакалавры ретінде айтар болсам, инвестицияны, бейнелеп айтсам, суға теңер едім. Қайда құйылса, сол жерге шөп шығады, тал өседі. Сол сияқты Шымкентке инвестиция келсе, ол және ғимарат болып қалса, оны ешкім алып кетпейді. Осы жерде қалады.

Кезінде астананың құрылысына да қаржы салынды. Қарсы шыққандар да болды. Бірақ қазір астана салған қаржысын еселеп қайтарып жатыр. Су құйсаң ағаш өседі, бірнеше жылдан соң жемісін береді. Қалада салынатын құрылыс та солай.

Қазір ешкім тегін үй салып бермейді. Бізде 40 мың адам баспана кезегінде тұр. Оны біз бюджеттен, яғни сіз бен біздің салығымыздың есебінен салып жатырмыз. Бірақ кезегі келгендерге тұруға берсек те, үй олардың атына өтпейді, мемлекеттің есебінде болады. Кезекке тұрып үй алған адам сатып алғысы келсе, соған кеткен шығынды мемлекеттік бюджетке өтейді. Жалпы, мемлекеттің есебінен үй салу қиын емес. Бюджетте ақша болса, сала бер. Ең қиыны – коммерциялық тұрғын үй салу. Себебі жеке компания өз ақшасына салады, өзі сатады, барлық тәуекелді өз мойнына алады.

Сондықтан коммерциялық тұрғын үй құрылысын қолдауымыз керек. Қазір Нұр-Сұлтанда құрылыстың 80% – коммерциялық тұрғын үй. Ал Шымкентте тек 25% коммерциялық тұрғын үй, қалғанын әкімдік бюджет есебінен салып жатыр. Бәсекелестік ұлғайған сайын құрылыс нарығы дамиды. Бұл жерде тек инвестиция ғана маңызды емес, BI group, Bazis, Highvill сияқты компаниялар құрылыс мәдениетін әкеледі.

Өткенде Шымкенттің бір құрылыс компаниясы сыртын қоршамай, үй салар орынның котлаванын қаза бастауы үлкен шу болды. Көршілердің уәжі дұрыс. Балалар ойнап жүріп түсіп кетуі мүмкін. Оған үлкен айппұл төлеттік. Аты аталған үлгілі компаниялар өйтпейді. Тіпті құрылыс алаңына кіріп-шыққан жүк көліктерінің дөңгелегін жуады, балшық-балшық болып, қаланың көшелерін былғамайды. Бірдей форма киіп, каска тағып жүру, екінші қабаттан жоғары шықса, міндетті түрде арқан байлап жүру – мұның барлығы құрылыс мәдениеті, қауіпсіздік техникасы.

Осындай жоғары құрылыс стандарттарын көріп жүріп біздің жас құрылысшылар да үйренеді. Одан бөлек, егер бұл жоба жүзеге аса қалса, 2 млн текше метр монолит, 250 мың текше метр кірпіш, 1,7 млн шаршы метр инертті материалдар, 750 мың текшеметр өрнектас, 320 мың тонна темір бұйымдары, 460 мың шаршы метр терезе, 3 млн шаршы метр ішкі жұмыстарға қажет материалдар, 800 мың шаршы метр фасад.

Бір сөзбен айтқанда Шымкенттің құрылыс материалдар индустриясына бірнеше жыл азық болатын тапсырыс түседі және бұл сала да дамып кетеді.

«Біздің қала көптен бері су көрмеген бақ сияқты»

– Ол үйлер бизнес класс, тек байлар сатып алады емес пе?

– Шымкентте тек әлеуметтік топтар тұрады деп кім айтты. BI group әкімдіктің жанынан Tamerlan деген тұрғын үй кешенін салған, бірнеше күнде сатылып кеткен. Егер сұрағыңызға қарай жіктейтін болсақ, миллион халқы бар қалада бай да, кедей де бар, Әлеуметтік топтарға мемлекет онсыз да жылда үй салып жатыр. Бірақ бағасы шектеулі әлеуметтік үйлермен қала сала алмаймыз. Қаланың көркін ашатын еңселі зәулім үйлер. Бұл – бір.

Екіншіден, тұрғын үй – бұл баспана ғана емес, инвестициялық құрал, былайша айтсақ, мүлік. Қазақстанның түкпір-түкпірінде Шымкенттің қыз-жігіттері жұмыс істеп жүр. Олар тапқан ақшасын Нұр-Сұлтан мен Алматыдан пәтер сатып алып, қаржысын сол қалаларға салып жатыр. Егер Шымкентте сондай инвестициялық құрал бола алатындай жылжымайтын мүлік нарығы қалыптасса, солар қаржысын Шымкентке салады.

Шыны керек, тұрғын үй салуда Шымкент артта қалды, республикалық қала болғанымен. Дәл осындай миллионниктер – Нұр-Сұлтан мен Алматыда жылына 3 млн шаршы метр үй салынады. Тіпті халқы 200 мың адамға жетпейтін Ақтаудың өзі жылына бір миллион шаршы метр тұрғын үй салады. Ал миллион халық тұратын Шымкентте қанша шаршы метр тұрғын үй салынады деп ойлайсыз? Жарты миллион шаршы метр. Жарты-ақ миллион! Бұл баяу қарқынмен қала дамуын тежеп тастаймыз.

Біздің қала көптен бері су көрмеген бақ сияқты. Жапырағы сарғайып, сабақтары солып жатқан. Бұл баққа су керек, яғни инвестиция керек. BI group сияқты бірнеше компания 100 миллиардтап инвестиция салса, қала Нұр-Сұлтан сияқты көздің жауын алар зәулім үйлерге толып, еңсесін тіктеп алар еді.

Дереккөз: Oinet.kz

АЛЕКСЕЙ ПУШКОВ АҚШ-ТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ РЕСЕЙДЕН АЛЫСТАТУ ЖОСПАРЫ ЖАЙЛЫ АЙТТЫ

«Вашингтон Киевті Батыс әскери құрылымдарына белсенді түрде енгізіп, оны НАТО-ның бейресми мүшесіне айналдыруға тырысады», — деді ол.

Сенатор Алексей Пушков «Вечерняя Москва» басылымына берген сұхбатында АҚШ президенті Джо Байден посткеңестік республикаларды Ресейден алыстату үшін тырысып бағуда деген болжам айтты, деп хабарлайды Stan.kz.

Оның пікірінше, Беларусь, Өзбекстан, Армения және Қазақстан Америка Құрама Штаттарының назарында болады.

«Бұл жол біз үшін үлкен сынақ, 2014 жылға дейін Еуропа картасында болған тактиканы өзгертеді, біздің одақтастарымыз болып табылатын елдерде ықпалымызды сақтау бойынша сапалы жаңа мәселе қойып отыр», — деп атап өтті Пушков.

Сенатор сонымен бірге Вашингтон Киевпен әскери ынтымақтастықты күшейте алады деп санайды. Атап айтқанда, Украина аумағында американдық әскеритеңіз базалары пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, Батыс Ресейге шабуыл қаруын беріп жіберуі мүмкін.

«Вашингтон Киевті Батыс әскери құрылымдарына белсенді түрде енгізіп, оны НАТО-ның бейресми мүшесіне айналдыруға тырысады», — деді ол.

Пушков Байденнің Ресеймен бәсекелестікті посткеңестік кеңістікке көшіру әрекеті АҚШ-пен қарым-қатынасты нашарлатудың жаңа факторы болуы мүмкін деген қорытындыға келді.



РЕСЕЙ САРАПШЫСЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНАН «АЙЫРЫЛЫП ҚАЛҒАНДАРЫНА» ЕЛЬЦИНДІ АЙЫПТАДЫ

Еске сала кетсек, 1 ақпанда Ресейдің тұңғыш президенті Борис Ельциннің туған күні. Ол тірі болса, бүгін 90 жасқа толар еді…

Көптеген саясаткер Борис Ельцинді мемлекет басшысы ретіндегі шешімдері үшін емес, КСРО-ның күйреуіндегі рөлі үшін сынға алуда, деп хабарлады paryz.kz, РИА Новостиге сілтеме жасап.

Мысалы, Саяси зерттеулер институтының директоры Сергей Марков «Политроссиямен» сөйлескен кезде, егер Ельцин болмаса, Ресей Қытайдан күшті болуы мүмкін еді деп мәлімдеді.

«Кеңес одағы ыдырамас еді. борис ельцин елге опасыздық жасады және ксро-ның ыдырауын қолдады. бұл экономикалық байланыстардың бұзылуына, кедейлікке әкелді», — деді саясаттанушы.

Сергей Марков егер Борис Ельцин болмаса, Кеңес Одағы Қытай жолымен жүруі мүмкін еді деп өкініп отыр. Айтуынша, Тәжікстанда, Таулы Қарабақта және Приднестровьеде болған қақтығыстарда адамдар өлмес еді. Украина, Беларусь, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан, Әзірбайжан, Армения үлкен елдің бір бөлігі болып қала берер еді. Олар қазіргі Татарстан сияқты болар еді. Украинада да хунта болмас еді… еді… еді… Тіпті қазір «Балтық жағалауы елдері мен Грузия сынды ұлттшылдықтың жоғары деңгейі болған елдер ғана КСРО-дан кетіп, өзара қырқысып жүр» екен.

Сонымен бірге, Сергей Марков 1991 жылы КСРО сақталған жағдайда, кейінгі кедейлік көрсеткіші артпай, мемлекеттік институттар сақталып, 1990 жылдары қылмыс өршіп, жүздеген мың адам қырылмас еді дегенді қосып қойды.

Еске сала кетсек, 1 ақпанда Ресейдің тұңғыш президенті Борис Ельциннің туған күні. Ол тірі болса, бүгін 90 жасқа толар еді.

ТАУЛЫ ҚАРАБАҚ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРГЕН ЕРДОҒАН ПУТИННІҢ «ЖАҒАСЫНА ЖАРМАСТЫ»

Рас, әлдеқандай жағдай бола қалса, Анкара одақтасын қорғау үшін күш қолданудан тайынбайтынын жасырмайды…

Қарабақ жанжалы жаңа кезеңге ауысты. Бұл енді әзербайжан мен армян арасындағы дүрдараздықтан гөрі, Түркия мен Ресей арасындағы қырғи-қабақ соғысты көбірек еске түсіреді, деп хабарлады nege.kz.

Ердоған «Навальный салған әлекпен» алысып жатқан Путиннің «жағасына жармасты». Бұған өткен сенбіде Әзербайжанның Ағдам ауданында ашылған жаңа мониторинг орталығы түрткі болды. Бұл орталық Қарабақта жанжалдасушы тараптар түйіскен сызықтан 8 шақырым жерде орналасқан.

Ресей сарапшыларының айтуынша, бұл 27 бақылау бекетіндегі орталық ресейлік бітімгершілік күштерінің қызметін толық қайталайды. Ресей мен армян жағы: «Мұның не қажеті бар еді?» деп сауал тастайды. Түркия мен Әзербайжан болса, «Бұл – сенім мәселесі. Сақтықта қорлық жоқ» деген сыңай танытып отыр.

Ресейдің әскери сарапшыларының айтуынша, Түркия ұшқышсыз ұшатын аппараттары арқылы армяндарды ғана емес, Қарабақтағы ресейлік әскерилерді де алақандағыдай бақылай алады.

Ресейдің үрейін ұшырып отырған жайт, аталған орталықтардағы түрік жауынгерлерінен бөлек, Түркия Әзірбайжанға өзге де әскери контингентін кіргізген. Рас, әлдеқандай жағдай бола қалса, Анкара одақтасын қорғау үшін күш қолданудан тайынбайтынын жасырмайды. Мәселен, Түркияның ұлттық қорғаныс министрі Хулуси Акар әзербайжандық әріптесі Зәкір Гасановқа әзербайжан халқын қорғауға қашан да әзір екенін мәлімдеген.

«Бір ел – екі мемлекет» қағидасын ұстана отырып, біз әзербайжан халқының жағына шықтық. әрмен қарай да қолдау көрсете береміз», — деді түрік сардары.

Өзінің ежелгі ықпал аймағы санайтын Қап тауын Түркиямен бөлісу Ресейге оңай соқпай тұр. Бірақ амал жоқ. Ресейдің қауқары бұрынғыдай емес. Мұны түрік ұсталарының қолынан шыққан қару – «Байрақтар» Қарабақ пен Сирияда анық байқатып берді. Сондықтан Ресейдің «бірегей, баламасыз» деп жарнамалап жатқан заманауи қару-жарақтарынан тайсалып отырған Ердоған жоқ.

«Сирия тәжірибесін ескерсек, түрік әскерилері жанжал аймақтарында ресейлік әріптестерінің мүддесін ескеруге құлықты емес» деп жазды ресейлік «нг» басылымы.

Оның үстіне, күні кеше Түркия әскері жақын жерде Ресей әскерінің бақылаушы бекеттері орналасқанына қарамастан, Сирияның Айн Исса қаласына оқты қарша боратқан. Кремль Әзербайжанның Ресейдің орбитасынан шыққанына көндіккен де тәрізді. Ендігі мәселе – Арменияда.

«Ресей түріктен жасқанып, керек кезінде бізге болыспады», — деген армяндардың Мәскеуге өкпесі қара қазандай. Бұл елде Ресейге қарсы көңілкүй күшейіп-ақ тұр. «Мұндай одақтас бізге неге керек?» деген сауал да қойыла бастады. Пашиняның тағы шайқалуға шақ. Халқы одан теріс айналған. Қазір «Ереван түбі аттың басын Батысқа бұрып кетпей ме?» — деген сауал ресейліктерді қатты мазалап тұр.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАР БАЙЛЫҒЫ ҚЫТАЙҒА САТЫЛЫП КЕТТІ»

Кен байлығының бәрін шетелдің және қытайдың инвесторларына сатып, құр қол қалды. Енді шетелдің айтқанына телміруге мәжбүр.

Қазақстан экономикасы «жеңіл жүрісті» әйелдің қылығына ұқсайды. Кен байлығының бәрін шетелдің және қытайдың инвесторларына сатып, құр қол қалды. Енді шетелдің айтқанына телміруге мәжбүр. Қазақстан экономисі Петр Своик Правда басылымына берген сұхбатында осылай деп мәлімдеді, деп жазады bugin.kz порталы.

Экономисттің айтуынша, қазақстанның да, ресей билігінің де оңып тұрғаны шамалы.

Қазақстан билігі өзінің оппозициясын түрмеге тығып, бар байлығын шетелдің қолына беріп жіберді.

«Сіздер (ресей билігі – ред.) өздеріңіздің Ходорковскийлеріңізді түрмеге жаптыңыздар. Ал біздер бар ресурсты шетелдіктерге беріп жібердік, енді біздің экономикамыз соларға қарап, солардың айтқанын істейді», - деді Своик.

Экономисттің айтуынша, Мәскеу мен Нұр-Сұлтан билігі бас қосып экономикалық саясат ұстануы тиіс. Сонда қазақстан экономикасы «жеңіл жүрісті» әрекеттен тез алыстап, тұрақты даму жолына түсе алады.

«Мәселен, Екібастұз көмір алабы Ресейге электр энергиясын тасымалдайды. Егер Ресей одан бас тартса, Қазақстанға қиын болмақ. Қазақстан мен Ресей экономикалық интеграциясын күшейтуі тиіс. Әйтпесе, екі тарапқа да қиын болады», - дейді ол.

sn.kz

ОҚУ КУРСТАРЫ ШИПАЖАЙДА ЕМЕС, ОҚУ ОРНЫНДА ӨТУІ ТИІС

Мәслихат депутаттарын оқытуға 647 млн теңге қаражат бөлінбек

Ұлттық экономика министрлігі мәлихат депутаттарының мәртебесін арттыруға 647 млн теңге қарастырмақ. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында белгілі болды.

Мәжіліс спикері Айгүл Нұркина өңірлердегі билік дербестігіне қатысты заңнаманы талқылау барысында Ұлттық экономика министріне сұрақ жолдады.

«Заңнамада мәслихат пен оның депутаттарының мәртебесін арттыру бойынша бірқатар түзетулер қарастырылған. Бұдан былай мәслихат депутатының тиісті бюджет қаражаты есебінен даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға құқығы болады. Уәкілетті органның дерегі бойынша, бұл мақсатта 647 млн теңге бөлінбек. Сонымен қатар, заңнамада бұл норманың іс жүзінде қалай жүзеге асырылатыны көрсетілмеген», - деді депутат.

Жаңадан тағайындалған министр өңірлік депутаттардың оқу жүйесіне қатысты сауалға жауап беріп, оқыту мемлекеттік басқару академиясының филиалдарында жүргізілетінін айтты.

«Мәслихат депутаттары бес жылда бір рет арнайы оқытудан өтетін болады. Оқу мемлекеттік басқару академиясының филиалдарында жүргізілмек. Бұл белгілі академиялық бағдарламадан өту жөніндегі оқу. Артынша арнайы диплом беріледі» - деді Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев.

Ведомство басшысының жауабына көңілі толмаған Мәжіліс төрағасы оқу курстарының көптігіне шүйлікті.

«Бұл жастардың жақсы көретін әдеті болып кетті. Бір жылдың ішінде 5 дипломнан алып, не істеп, не қойғанын өздері білмейді. Біліктілікті арттыру курстары Президент жанындағы білім беру ұйымдарында және филиалдарында өтуге тиіс, шипажайларда өтпеуі керек», - деді Нұрлан Нығматулин.

Әсел ОРШЫБЕКОВА

ШЫМКЕНТТЕ МҰҒАЛІМДЕР МЕН АТА-АНАЛАР ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА НЕГЕ ҚАРСЫ ШЫҚТЫ?

Шымкенттегі №29 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептің мұғалімдері мен ата-аналары оқушылардың жекеменшік мектепте оқуына қарсы.

Ал Білім басқармасындағылар үш ауысымды мектеп мәселесін шешіп, білім сапасын арттырудың қамы деп отыр. Бұл туралы AstanaTV хабарлады.

Наразы ата-аналардың айтуынша, таңертең бастауышта оқитын балаларын мектепке кіргізбей қойған. Ашулы жұрт бұл көршілес жекеменшік мектепке бала толтырудың амалы ма деп санайды. Оның үстіне тек бастауыш сыныптағыларды ауыстыруы да күмән тудырып отыр.

Ата-ана Гүлдана Танкебаева: «Неге бұлар 10, 11-сынып оқушыларын алмайды. Себебі, 10, 11-сынып оқушылары бір-екі жылда бітіріп кетеді. Бұлар қазір бізге айтып отыр, сіздер тегін оқисыздар деп. Бірақ жарты жыл тегін оқиды. Жарты жылдан кейін ай сайын 15-20 мың теңгеден төлеп отырады екенбіз. Оны қалтасы көтеретін ата-ана бар, қалтасы көтермейтін ата-ана бар», – дейді.

Ата-аналардың айтуынша, жекеменшік мектепте балаларға жағдай да жоқ. Сынып бөлмелері өте тар, 8 шаршы метр. Ғимараттың жанында жатақхана бар. Автотұрақ бар.

Алайда білім басқармасының басшысы жекеменшік мектеп ауысуға ешкімді мәжбүрлемейтінін айтты.

Шымкент қалалық Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиева: «Ашылып отырған мектеп тегін, ешқандай ата-аналардан бір тиын ақы алмай стандарттық білім беруге және ұстаздарға 100 пайыз айлық жалақысын төлей отырып оқытуға келісімін беріп отыр. Бұл жекеменшік болғандықтан бұлардың мақсаты – баланы барынша аз сыныптарда балаларын толымдылығын алып, сапалы білім беруді мақсат тұтып отыр», – деді.

Білім бөлімінің басшысы мұның бәрі үш ауысымды мектеп мәселесін шешудің амалы дейді. Ал №29 мектепте алдағы жаңа оқу жылында бала қабылдауға шектеу қойылмақ. Өйткені 800 орындық мектепте бүгінде екі мыңнан аса бала оқиды.

ДИПЛОМ САТАМЫЗ! АРЗАН!

Ой еңбегі сатылады. Әсіресе, мұны диплом жұмысы мен диссертация жазу барысында байқаймыз. Қазір аталған жұмыспен айналысатындар өздерін ашық жарнамалайтын болған. Әлеуметтік желіде парақша ашып, «қазақша диплом жұмысын жазу 75 мың теңгеден басталады» дегендер бар. Тіпті, жылдар бойы диплом жұмысын жазуды қосымша табыс көзіне айналдырғандар да жетерлік.

Жазу мерзімі – 2 ай

Негізі, оқушылар диплом жұмысының тақырыбын таңдауды 3-курста бастайды. Студенттің қай тақырыпқа бейім екенін анықтап, жазуда қиындық тумауы үшін уақытты ыңғайлауды үйретеді. Алайда студенттердің біразы диплом жұмысын сатып алуды жөн көреді. Өйткені олар диплом жұмысын жазуға кеткен уақытты шығын деп есептейді. Одан да қосымша жұмыс істеп, жазба жұмысына 100 мың теңге төлеген жеңіл. Өз кезегімізде неліктен студенттердің осындай қитұрқылыққа баратынын зерттеп көрдік.

Біріншіден, студенттер диплом жұмысын жазған күннің өзінде қорғауға қиналады. Тарқатып айтсақ, 60 беттік жұмыстың қаймағын қалқып ала алмайды. Қаймақ деп отырғанымыз – комиссия алдында жазба жұмысы туралы айтатын 5 минуттық қорытынды сөз. Әрі диплом жұмысын жазып берген тұлғадан «комиссия мүшелері қоюы мүмкін сұрақтарға жауап дайындап берсеңіз» дейтіндер бар екен. Сондықтан қазір диплом жұмысы мен диссертация жазып беретіндер презентация жасау мен 1 беттік қорғау мәтінін қоса дайындап береді. Оған қоса, қорғау аяқталып, қазылар ұпай бергенше онлайн консультация ала аласыз.

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан dimlom_24.kz авторлық жобалар орталығы 1-2 айда диплом жұмысын дайындап беретінін айтты. Әрине, олар журналистерге ашық жауап бермейді. Сол себепті тұтынушы ретінде менеджерді әңгімеге тарттық. Оған педагогика саласында диплом қорғайтынымды, тақырыбым «Дағдарыс жағдайына тап болған балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету әдістемесі» екенін айттым. Тақырыптың оңай-қиынына қарамастан, бірден жауап берді.

«Диплом жұмысын жазу бағасы – 90 мың теңге. Жұмыстың бірегейлігі кем дегенде 85%-ды құрайды. Біз ресми келісімшарт ұсынамыз. Шартқа қол қойған кезде аванс ретінде 50% төлем жасайсыз. Ал қалғанын диплом жұмысы толық біткенде төлейсіз. Жазба жұмысын кезең-кезеңдерге бөліп жібереміз. Жазу мерзімі – 1-2 ай. Бірақ қорғау кезінде де көмектесеміз. Мұның бәрі келісімшартта көрсетіледі»,– деді өзін Гүлжан деп таныстырған қызметкер.

Жауапқа таңданғанымызбен, осындай бизнестің заманы жүріп тұрғанын байқадық. Өйткені студенттерге диплом жұмысын жаздыртуға себеп болатын тағы бір тұс – антиплагиат. Яғни, жазба жұмысын көшіріп алмағаныңды дәлелдейтін бағдарлама. Мысалы, жазған сөйлемнің 4-5 сөзі интернеттегі басқа жазбамен ұқсап қалса, жұмысыңыз антиплагиат бағдарламасынан өтпей қалады. Көшірмені анықтауда таптырмас құрал екенін айта кеткен жөн. Ал біз әңгімелескен орталық «антиплагиаттан 90-95%-ға өткізіп береміз» деп отыр. Негізі, жоғары оқу орнында антиплагиат межесі 75-80%-дан басталады. Сондықтан студенттер антиплагиат ісімен бас қатырғысы келмей, диплом жұмысына тапсырыс береді.

Айта кетерлігі, бұл «салада» бәсеке қызғасын бақталастар жеңілдік жасауға бейім болған. Мысалы, әлеуметтік желіде 98 мың оқырманы бар diplomniki ұжымы диплом жұмысын алдын ала төлемсіз жазып береді. Бұл өз кезегінде студенттерге таптырмас мүмкіндіктей көрінеді. Олар диплом жазу нарығында жүргелі 11 жыл уақыт болған. Осыған дейін 900-ден астам диплом мен диссертация жұмысын жазған екен. Анықканығын білу үшін аталған орталыққа жоғарыдағы тақырыбым мен мамандығымды жазып жібердім.

«Диплом жұмысының бағасы – 80 мың теңге. Бөлімдері дайын болғанда төлем жасайсыз. Түзетулерді тегін енгізіп, қорғауға дейін көмектесеміз. Тақырыпты өткізсеңіз, жоспарын өзіміз құрып береміз. Жазба жұмысы 1,5-2 айда дайын болады. Түзету жұмысына 1 аптаны арнаймыз»,– деді Раушан есімді менеджер.

Аталған орталыққа да «тақырыптың қиын-оңайына қарай сомасы өзгермей ме?» деп сұрақ қойдым. Олар педагогика болса, осы сомаға жазуға болатынын айтты. Байқап қарасақ, ақша төлесең, тақырып талғамастан жазып береді. Алайда олар мұнша мәліметті қалай алады? Әлде, олар антиплагиатқа өткізгенде символ мен шрифті өзгерту қулығын қолдана ма екен? Бұл жағы бізге беймәлім күйінде қалды.

Студенттер кібіртіктеп тұрады

Қазір диплом қорғау онлайн форматта өтіп жатыр. Сондықтан мәселенің мәнжайын оқытушылардан сұрап білдік. Әңгіме барысында студенттердің біразы оқумен қатар жұмыс істейтінін атап өтті. Мұндай студенттер диплом жұмысын жазуға уақыт жұмсамай, сатып алғанды жөн көреді. Алайда оқытушылар алдын ала жазба жұмысын тексеру сағаттарында жұмысты студенттің өзі жазбағанын байқаса, бірден қабылдамай, жоспарын өзгертіп беретінін айтты. Бұл диплом жұмысын жазып беретін адамды да, студентті де біраз әуреге салатыны анық.

«Zoom платформасында диплом жұмысын қорғау барысында қандай мамандықта оқитынын білмейтін студенттерді көрдік. Диплом жұмысын кім дайындап бергенін білмейміз, тап-тұйнақтай жазылған. Бірақ сұрақ қойсаң, кібіртіктеп жауап бере алмайды. Жалпы, ұрлық жасаған баланың көзі айтып тұратынындай, диплом жұмысын өзі жазбаған студенттерді бірден байқаймыз», – дейді Алматы техникалық экономикалық колледжінің оқытушысы.

Сондай-ақ оқытушы колледжде ұзақ жылдан бері жалғасып келе жатқан механизм барын айтып қалды. Мысалы, колледж дипломын алатын студентті университетке түсуге, университет бітірген студентті магистратураға түсуге үгіттейді екен. Оқытушылар жалақы алу жағынан да түрлі қиындыққа тап болады. Мұны ол «колледждің жартылай мемлекеттік, жартылай жекеменшік болуымен» байланыстырды.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ
aikyn.kz

ТЕМЕКІ, ІШІМДІК ЖӘНЕ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚАЛАЙ АРЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Зиянды азайту стратегиясын қолдану арқылы Қазақстан жылына 38,71 млрд теңге бюджет қаражатын үнемдейді.

Денсаулық тұтынатын тағамға, ұстанатын өмір салтына, сондай-ақ, медицина қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігіне байланысты. Осы арқылы өмір сапасын жақсартып, оның ұзақтығын арттыруға болады. Алайда ішімдік, темекі, есірткі сияқты зиянды өнімдерге әуестеніп, денсаулығына зиян тигізетіндер аз емес. «Аман-саулық» қоғамдық қорының президенті Бақыт Түменова тәуелділіктен арылу үшін зиянды азайту стратегиясын қолдану қажет деген пікірде.

Қазақстанда жұқпалы емес аурулардан көз жұматындар көп

Қазақстанда өлім-жітімнің 84%-ына негізгі 4 ауру себеп:

жүрек-қан тамыр аурулары (жүректің ишемиялық ауруы және инсульт);

онкология аурулары;

өкпенің созылмалы респиратор аурулары;

қант диабеті.

Бұл жұқпалы емес ауруларға маскүнемдік, нашақорлық, темекі шегу секілді зиянды әдеттер, нашар экология, дұрыс тамақтанбау және қимыл-қозғалыстың аз болуы, оның ішінде күні бойы отырып жұмыс істеу салдарынан пайда болады.

Ал инфекциялық аурулардан көз жұматындар үлесі – 10-11%.

2017 жылғы мамырда «Аман-саулық» қоғамдық қоры базасында тәуекел факторларын төмендету бойынша жұмыс тобы құрылған. Топ сарапшылары «Инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларынан болатын зиянды азайту тұжырымдамасы» жобасын әзірлеп, Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған.

Қазақстан күшті алкоголь тұтыну бойынша алғашқы он ел сапында

Қазақстан күшті алкоголь сусындарын (65 градусқа дейін) тұтыну бойынша әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Ал Орталық Азияда бірінші орында. Қазақстандықтар сыра секілді әлсіз ішімдікті еуропалықтарға қарағанда 20 пайызға аз тұтынады. Ал ауыр қылмыстардың басым бөлігі масаң күйде жасалатыны белгілі. Сол себепті ішімдікке тәуелділерге градусы аз өнімдермен алмастыру ұсынылады.

Sange зерттеу орталығы 2020 жылдың соңында Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында 18 жастан асқан азаматтар арасында темекі шегу туралы зерттеу жүргізген. Ерлердің 55 пайызы, ал әйелдердің 28 пайызы тұрақты түрде темекі өнімдерін тұтынатыны анықталған. «Аман-саулық» ҚҚ президенті Бақыт Түменованың сөзінше, Қазақстанда кәмелетке толған 4 ммиллионнан астан адам темекі шегеді. Ал мұны түтін шықпайтын, салыстырмалы түрде денсаулыққа зияны аз өнімге алмастыруға болады.

Зиянды азайту тұжырымдамасы қалай іске асады?

«Аман-саулық» ҚҚ президенті Бақыт Түменова бір сәтте адамдардың жаман әдеттерін өзгерту мүмкін емес екенін айтады. Сондықтан бүкіл әлемде зиянды азайту стратегиясы тыйым салуға емес, зиянды салдарды азайтуға және мінез-құлықты қауіпсіз етіп өзгертуге бағытталған.

«2014-16 жылдары нашақорлардың денсаулығына келетін зиянды азайту бойынша жұмыс істедім. Біз оларға метадон секілді есірткіні алмастыратын, денсаулыққа зияны азырақ дәрілер ұсындық. Есірткіге тәуелділіктен бірден күшпен құтылуға болмайды, бәрін есірткі алмастырғышты пайдаланудан бастау керек», – деді ол.

Жұмыс тобының мүшелері зерттеу жүргізгенде зиянды азайту тұжырымдамасы экономикаға да жақсы әсер ететінін анықтаған. Зиянды азайту стратегиясын қолдану арқылы Қазақстан 2019-2030 жылдар аралығында – 387,1 млрд теңге немесе жыл сайын 38,71 млрд теңге бюджет қаржысын үнемдей алады.

Метадон дегеніміз – зияннан азырақ зиянға өту. Бұл препаратты 10 жылдай есірткі тұтынып, ем алғанымен тәуелділіктен құтыла алмаған адамдарға тағайындаймыз. Көп жыл темекі шегіп, оны тастай алмай жүргендерде ауру пайда болса, зияны азырақ өнімді пайдаланыңыз деймін. Біз семіздікке, көп тамақ ішуге, темекіге, ішімдікке қарсымыз. Ал зиянды азайту концепциясының мәні – тәуелділіктен зияны аз өнімге өту. Мысалы, тұз ағзамызға керек болған соң одан бас тартуға болмайды, бірақ мөлшерін азайту арқылы денсаулыққа зиян келтірмейміз», – деді Бақыт Түменова.

Зиянды азайту стратегиясы денсаулыққа төнетін қауіптер туралы халықты ақпараттандыруға бағытталған профилактикалық жұмыс. Мұны белсенді қолдану болашақта дені сау ұлт қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге мемлекетке ел бюджетіне түсетін ауыртпалықты едәуір жеңілдетуге де көмектеседі.

«Зиянды азайту стратегиясы арқылы денсаулыққа қауіпті азайту үшін күш пен тәжірибені біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстанда инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларының зиянын азайту мәселелерімен мақсатты түрде айналысатын «Денсаулық» қауымдастығы құрылды. Мұнда ғалымдар, медицина қызметкерлері, бизнес, БАҚ пен ҮЕҰ өкілдері жұмыс істей алады. Қауымдастық денсаулыққа зиянды азайту стратегиясын әзірлеу, халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, аурулардың алдын алу, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, қазақстандық және шетелдік ұйымдармен, ғылыми қоғамдастықтармен әріптестік орнату бағытында жұмыс істейді», – деді Бақыт Түменова.

Коронавирусқа қарсы вакцина тиімді ме?

«Аман-саулық» ҚҚ президенті Бақыт Түменованың сөзінше, коронавирустан көз жұмғандардың басым бөлігі созылмалы аурулармен ауырған егде жастағы адамдар. Ал жастар арасында өлімнің аз болуы созылмалы аурулардың болмауымен байланысты.

«Бүгінде түсіндіру жұмыстары жүргізілмегендіктен көп адам вакцина алудан бас тартып жатыр. Мен екпе жасауды қолдаймын. Вакцинадан кейін асқынулардың болуы қалыпты жағдай. Екпе салдырғаннан кейін жеңіл реакциялар немесе сол аурудың белгілері пайда болуы мүмкін. Бұл адамда жақсы иммунитеттің барын, вакцина жақсы әсер етіп, ауырмайтынын көрсетеді», – деді Бақыт Түменова.

Оның сөзінше, коронавирусқа қарсы екпелердің адамды қаншалықты қорғай алатыны әзірге белгісіз. Тұмау мутацияланатындықтан оған қарсы жыл сайын екпе жүргізіледі. Ал коронавирустың басқа мутациялары болса, вакцина адамды қорғай алмауы ықтимал. Адам вирусты жұқтырғанымен ауруды жеңіл өткізуі мүмкін. Вакцина бір жағынан пандемияны белгілі бір уақытқа дейін тоқтата алады.

Бақыт Түменова вакцина алмас бұрын ағзада антидене бар-жоғын анықтауды ұсынады. Антидене біреуде үш ай, біреуді бір жыл сақталуы мүмкін және осынша уақытқа дейін коронавирустан қорғайды. Олай болса вакцина алудың қажеті шамалы.

Қор президенті коронавирустан көз жұмғандарға терең талдау жасау керек деп есептейді. Сол арқылы профилактикалық жұмысқа арналған бағдарламасын жасап, мұны зиянды азайту тұжырымдамасына қосу керек.

Назерке АБИБУЛЛА
informburo.kz

KAZAKHSTAN МЕН KZ-ДЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ!?

Үкімет отырысында Президентіміз: «Жаңа әліпби бастамасы – бұл күрделі әрі шетін мәселе екенін ұмытпаған жөн. Жаңа графиканы енгізу бір күнде я болмаса, тіпті, бір жылда іске аса қоятын жұмыс емес. Әйтпесе, асығыстық бүкіл мәдениетімізге және тарихи болмысымызға зиян келтіруі мүмкін. Мәселе – кириллицадан латын әліпбиіне аударуда емес, бұл қазақ тілінің ауқымды реформасы деген сөз. Қаржы мәселесін де ескеруіміз керек. Латын әліпбиін енгізу жұмысы біртіндеп жүзеге асуы керек. Негізінде, бұл графика жас ұрпаққа арналған деп айтуға болады. Оның игілігін, ең алдымен, солар көруі керек. Сондықтан, бұл үрдіс жоспарлы түрде, біртіндеп іске асырылуы қажет», – деді.

Бірақ өз қолымыздағы қазақ тілінің ауқымды реформасы арқылы бір күнде құтылуға болатын екі бәлелі атау бар. Енді сол жайында сөз қозғайық.

Қазір қазақ елін әлемге танытатын интернет пен мемлекет атауында кезінде саяси алаңғасалық шырмауымен орыс тілінің ықпалымен жазылған және орыс тілді IT мамандарының білместігімен 1990 жылдардың басында әлемдік қолданысқа еніп кеткен, көзге шыққан сүйелдей Republic of Kazakhstan деген мемлекеттік атымыз және KZ халықаралық домендік атауымыз бар. Оларды Republic of Qazaqstan және QZ деп өзгертуге неге әлі күнге дейін мойынымыз жар бермейді.

Енді әліпбиімізді ұлттық әуезеге келтіргеніміз сияқты Republic of Qazaqstan және QZ-ті халықаралық стандарттап бұрынғы қате жазылып жүрген латынша жазылуды жөнге келтірудің жолын іздестіріп, қанша шығын кететін есептеп шығарып іске бел шеше кірісетін уақыт келген сияқты.

Біз келер ұрпаққа тек ұлттық жазуымызды ғана емес, ұлттық тұрпаттағы ел атауында мұраға қалдырамыз ғой?! Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлағалы отырған шақты парламент депутаттары осындай маңызы бар дүниелерді неге көтермейді?! Олар осыны қолға алып іске асырса, ұлтымыз үшін ерек сый болар еді-ау!!! Әлде бұл Republic of Qazaqstan және QZ халықаралық атаулары қазақ тілінің ауқымды реформасына жатпайтын өгей-қағай балалар ма!?

Әбіл-Серік ӘЛИАКБАР
Abai.kz

ЖУРНАЛИСТ ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ ВАКЦИНА АЛУ НАУҚАНЫН «АЖАЛДЫҢ ЖАРНАМАСЫНА» ТЕҢЕДІ

Алексей Цойдың шабармандары жаппай екпе салдырып жатыр. Анығын айтқанда, бұл ажалдың жарнамасы секілді көрінді.

Бүгін елімізде ковидке қарсы жаппай вакцинация жұмыстары басталып кетті. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың екі бірдей орынбасары Ажар Ғиният пен бас санитар әрі вице-министр Ерлан Қиясов өздеріне Ресейлік «Спутник-V» вакцинасын салғызды, деп хабарлайды Skifnews.kz ақпарат порталы.

Айтпақшы, түс ауа Алматы қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин, әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров және қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Нариман Табынбаев бастаған біраз шенеуніктің екпе салдырғаны белгілі болды.

Әрине, вакцина ерікті түрде салынады. Адамды еркінен тыс мәжбүрлеуге болмайды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцинация егілетін адамның келісімімен ғана жүргізіледі.

Бірақ соған қарамастан, кейбір өңірлерде мүжбүрлі түрде вакцинаға жөнін сұрап жатыр.

Бір нәрсе анық. Қазақстанда адамдар коронавирустан емес, жемқорлық жайлаған Үкіметтің кесірінен қырылып қалды. Өлген адамдардың мәліметін жасыруы мүмкін. Өткенде Тоқаев, коронавирустың шынайы статистикасын беріңдер деп Үкіметке бекер жекіген жоқ.

Ал енді, вакцинаның өтемақысы туралы. Біздің Үкімет екпеден тіл тартпай кетсеңдер 500 мың береміз деп айды аспанға бір-ақ шығарды. Оның өзінде вакцинадан өлгеніңді дәлелдеп барып кету керексің.

Салыстырмалы түрде. Сингапур билігі вакцина салдырып қайтыс болған азаматқа 170 000 АҚШ долларын төлейтінін ресми мәлімдеді және Үкіметіне екпені ерекше ептілікпен салуды қатаң ескертті.

Бүгін Алексей Цойдың шабармандары жаппай екпе салдырып жатыр. Анығын айтқанда, бұл ажалдың жарнамасы секілді көрінді.

Өмірі өлімге ұқсас, арып-ашып жүрген қазақты 500 мыңмен қызықтырған түрлері ғой. Қайтейін…», — жазған ол өзінің facebook парақшасында таңу оқиғалары болып жатқанға ұқсайды. Бұл туралы журналист Ербол Мәндібек өзінің facebook парақшасында жазған.

Оның айтуынша, кей өңірлерде мұғалімдер мен дәрігерлерге «вакцина салдырмасаңдар жұмыстан шығасыңдар!» деген ескерту берілді деген сыбыстар айтыла бастаған.

«Мұғалімдер мен дәрігерлерге «вакцина салдырмасаңдар жұмыстан шығасыңдар» деген бейәңгіме вацап желісінде желдей есіп жүр. Тіпті, кейбір таныс-тамырларым звондап осының

ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР КЕЗ КЕЛГЕН НЫСАНҒА QR КОД БОЙЫНША КІРГІЗІЛУІ МҮМКІН

Бағдарлама қызыл, сары, көк және жасыл түстерге бөлініп, ПТР тесттің нәтижесі бойынша көрсетіліп тұратын болады.

Қазақстандықтар ПТР тесттен өткен-өтпегендігі және оның нәтижесі бойынша түс-түске жүктелетін болады, деп хабарлайды zakon.kz.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, аталған деректер «Ashyq» қосымшасында көрсетілетін болады.

Қазіргі уақытта бұл жоба карантиндік шаралар кезінде қызметіне шектеу қойылған бизнес өкілдері арасында (spa-орталықтар, фитнес орталықтар, кинотеатрлар) пилоттық режимде іске асуда. Егерде осы орталықтарға баратын болсаңыз міндетті түрде QR-кодты сканерлеп, кіреберісте көрсетуге тура келеді. Бағдарлама қызыл, сары, көк және жасыл түстерге бөлініп, ПТР тесттің нәтижесі бойынша көрсетіліп тұратын болады. Әр түстің мағынасы төмендегідей:

Қызыл түс – қозғалысты шектеуді, карантиндік шараларды қатаң сақтап, үйде оқшаулануды білдіреді.

Сары түс – көпшілік жерлерде қозғалысына шектеу қойылу, яғни азық-түлік дүкендеріне және өзі оқшауланып жатқан жерден 500 метрге дейінгі жерде орналасқан дәріханаға баруға ғана рұқсат етілген адамдар.

Көк түс – ПТР тест міндетті (мысала әуежайда) жерлерден басқа орындарда шектеу қойылмайтын жандар.

Жасыл түс – Ешқандай шектеу жоқ адамдар. Бұл адамдарда ПТР тест теріс нәтиже көрсеткен.

— Аталған бағдарлама карантиндік шаралар кезінде жұмысы тұралап қалған бизнес үшін және дені сау адамдарға қауіп төндірмеуге мүмкіндік береді. Егер келушілерде смартфоны болмаған жағдайда ЖСН арқылы немесе жеке куәлікте көрсетілген штрих код арқылы тексеретін де функция бар, — деп атап өтті министрліктегілер.

Алайда аталған жобаға байланысты қазақстандықтарда бірқатар сұрақтар мен наразы пікірлер пайда болып жатыр.

КҮН КҮРКІРЕГЕН СОҢ ЖАУУЫ КЕРЕК!

(Соңы.Басы 1-бетте)

Бір қызығы, Ассамблеядан сайланған депутаттар өздерінің қызметінің осы бағыттарының ішінде көші-қон, шет елдердегі қазақ диаспорасы... туралы осыған дейін бәлендей бір мәселе көтеріпті, ол көтеген мәселесін індетіп орындатыпты деген сөзді өз басым естіген емеспін.

Өткен жылдың соңында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңында осындай нормалар бар екенін естеріне салып едік, міне жетінші шақырылымның Ассамблеядан сайланған Сауытбек Абдрахманов ағамыз бастаған тоғыз депутаты жақында ең бір өзекті мәселені көтеріп, Үкіметке депутаттық сауал жолдапты.

«Жұмыс күші артық өңірлерден адамдарды жұмыс күшін қатты қажетсініп тұрған өңірлерге қоныстандыру жұмысы да жөнді жүрмей жатыр. Тұрғын үй бөлу, жеңілдетілген кредиттер беру, жайылымға, егіндікке жер учаскелерін тарату, көшерақы қаражатын қарастыру тиісінше ойластырылмаған. Жаңа өңірге көшіп барудың оңды тәжірибесі дұрыс насихатталмайды. Мұндай үлкен істе болмай қоймайтын кемшіліктерді алаулатып-жалаулатып көрсету, сөйтіп қайта көшіп кетуге бейім көңіл-күйді күшейту, басқа жерге барып, бағын сынаушылардың сағын салған беттен сындыру басым. Туған жер ұғымының кеңдігін, «туған жер» мен «Отан» ұғымдары ортақ екендігін жүректерге жеткізу жағы кемшін», - депті депутат Сауытбек Абдрахманов со депутаттық сауалында.

Өте дұрыс айтады Сауытбек ағамыз!

Әр сөзін алтынға балап, келісемін мен!!

Көшіп келушілер мен қоныс аударушылардың Үкімет айқындаған өңірлерге өз деңгейінде орныға алмай жатуының басты себебептерінің бірі – осы!!!

«Осы жеті облысқа этникалық қазақтардың көшіп келуіне бөлінген квота 2020 жылы 1378 адам болды. 2021 жылға бөлінген квота саны 1426. Өсім жоққа жуық. Экономикалық ахуал анағұрлым күрделі болған кездің өзінде бұл квота жылына 10 мың мен 20 мыңның арасында еді, соның арқасында жылына мемлекеттің көмегімен 40 мыңнан 80 мыңға дейін адам шетелдерден көшіп келетін»-депті Сауытбек ағам тағы аталмыш сауалында.

Бұл да айдай ақихат!

Жасырып-жабуға келмейтін ащы шындық!

Сауытбек көкем сол шындықтың бет-пердесін дар-дар етікзіп айырып, Үкіметтің бетіне шыжғырып тұрып басыпты. Өз басым Ассамблеядан сайланған Саукең бастаған депутаттарға қатты риза болдым.

Бірақ, бұл жеткіліксіз!!!

Ассамблеялықтар «Мәселені көтердік, парызымыздан құтылдық...»-десе, Хакім Абайдың «Іс бітті, қу кеттісінің» аяғын құшады. Күн күркіреген соң жауу керек! Сауытбек көкем бастаған топ осы айтылғандардың бір нүктесін қалдырмай, Үкіметке орындатуы тиіс!

Әйтпесе, бәрі бос сөз!

Жұрт сөйлейтін депутаттардан шаршаған, көңілі қалған. Одан гөрі, бір заңға бір сөйлем болса да қосқан немесе алған депутатты жақсы көреді.

Жер бетіндегі депутат атаулының ең басты міндеті – алдына келген заңға халық пен мемлекеттің мүддесіне пайдалы етіп өзгертулер мен толықтырулар енгізу! Олардың еңбегі жолдаған депутаттық сауалымен емес, заға сапалы баптар қоса алғандығымен бағаланады...

Ол үшін бұл депутаттар қандай қадамдар жасау керек?!!

Мысалы, тоғыз депутат аталған депутаттық сауалында «Жұмыс күші артық өңірлерден адамдарды жұмыс күшін қатты қажетсініп тұрған өңірлерге қоныстандыру жұмысы да жөнді жүрмей жатыр»-депті.

Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен Үкіметке «Шетелдегі қазақтарды және көшіп келушілер мен қоныс аударушыларды қолдаудың ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік жаңа бағдарлама» қабылдату керек!

Одан ары, «Тұрғын үй бөлу, жеңілдетілген кредиттер беру, жайылымға, егіндікке жер учаскелерін тарату, көшерақы қаражатын қарастыру тиісінше ойластырылмаған»-депті.

Бұл мәселені шешу үшін, қатысты Заңдар мен нормативтік құжаттарға өзгертулер мен толықтырулан енгізу тиіс;

Мысалы, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін беру шарттарын барынша жеңілдетуді немесе азайтуды, тіпті жоқ қылу керек!

«Мұндай үлкен істе болмай қоймайтын кемшіліктерді алаулатып-жалаулатып көрсету, сөйтіп қайта көшіп кетуге бейім көңіл-күйді күшейту, басқа жерге барып, бағын сынаушылардың сағын салған беттен сындыру басым»-депті Сауытбек аға.

Мұндай келеңсіздіктің алдын алу үшін, мемлекеттік телеарналардың бірінен аптасына бір рет беріліп тұратын, ең кемінде, 45 минуттық арнайы бағдарлама ашып, үгіт-нәсихатты күшейту керек...

Енді осы керектерді іске асыру үшін, тағы да толып жатқан керектер керек!

Атап айтсақ, Ассамблеядан сайланған тоғыз депутат Мемлекттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ақсақал депутат Сауытбек Абдрахмановты алдығы салып, оның беті мен беделін алға тартып, есік біткенді тоздыруы, телефон біткенге тыным бермеуі, Мәжіліс талқысына түскен қатысты Заң жобасын кірпік қақпай қарауы, зерттеуі, сөйтіп тиісті жерлеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізуге табандылықпен ықпал етуі керек!

Егер, Президент айтқандай, «... жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан» қараса, бұл түйіндерді шешуге Сауытбек Абдрахманов ағамыз бастаған депутаттық топтың күші де, еркі де қаптал жетеді.

Жалпы, қазақ көшіне, шеттен оралған қандастарға деген Үкіметтің көзқарасы тым шіркін-ай емес. Бұл туралы алдағы күндерде арнайы тоқталатын боламыз. Сондай-ақ, Үкімет айқындаған өңірлердің әкімдерінің де көбі құлшынып тұрған жоқ.

Сол үшін Сауытбек Абдрахманов бастаған тоғыз депутатқа тағы бір өтініш айтуды жөн көрдім.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты жақында жариялаған мақаласында «Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз»-деді.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Кемелұлы тағы «Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс»-деп, қадап тұрып айтты.

Осыған байланысты, Сауытбек Абдрахманов ағамыздан Ассамблеядан сайланған депутаттың атынан тағы бір депутаттық сауал жолдап, Үкімет басы мен Үкімет айқындаған жеті облыс әкімінің Президент мақаласында айтылған көші-қон мәселесі туралы алдағы жерде қандай нақты жоба-жоспары, бағдарламасы, шешімі және жаңалығы бар екенін сұрап білуді өтінемін.

Ауыт МҰҚИБЕК,
Abai.kz

ЕЛДЕГІ БИЗНЕС НЕГЕ ЖИІ ТОҚЫРАУҒА ҰШЫРАЙДЫ?

Қазақстанда ұзақ өмір сүретін кәсіпорындар аз — 25 жылдан астам қызмет ететін компаниялар бар-жоғы 1%. Компаниялардың жартысына жуығы бесжылдың ішінде жабылып тынады.

El Tiregi өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының басқарма төрағасы Тимур Жаркенов бизнестің тоқырауға ұшырап жататын себебін билік саясатынан көреді. Бұл кәсіпкерлерді бүгінгі күнмен өмір сүруге және болашақ туралы ойламауға мәжбүр етеді.

Мемлекетпен үлестес адамдар аман қалады

— Тимур Зеилович, бұл “алтын бір пайыз” нені білдіреді?

— Алдымен бір маңызды жағдайды нақтылағым келеді. Бизнестің өмірлік циклі әртүрлі. Көбінесе ұзақ емес және бұл үрдіс әлемнің көптеген елдерінде байқалады. Сонымен қатар, Қазақстанда бұл мемлекет жүргізіп отырған саясатпен күрделене түседі.

Ұзақ өмір сүретін кәсіпорындардың осы 1%-ның жартысынан көбі мемлекетпен үлестес бизнес болып табылады

Олардың ішінде Кеңес заманынан бері жұмыс істеп келе жатқан ірі кәсіпорындар бар.

— Бизнес үшін мемлекет жасайтын жағдайларды бағалай аласыз ба?

— Бизнес үшін билік қалыптастыратын экожүйе теріс. Нақтысын айтқанда — бұл нақты экономикаға зиян тигізеді. Шағын және орта бизнестің іскерлік белсенділігін төмендетудің жарқын мысалы – автомобиль саласы. Кәдеге жарату және сертификаттау бойынша шектеулер енгізу тәуелсіз автомобиль саласын жойды.

Кәсіпкерлермен әңгіме барысында өндіріс неге дамымайды деп сұраймыз. Бәрінің жауабы қарапайым және бірдей.

Тартып алады деп қорқады

Бизнесті тартып алған, дамуға кедергі келтірген жағдайлар өте көп. Ол үшін ешкім жауап берген жоқ. Ірі кәсіпорындар рейдерлік әрекеттерге жиі ұшырайды.

— Дәл сол себепті…

— Ішкі инвесторлар мен кәсіпкерлер ұзақ мерзімді жобаларды дамытпайды.

Бұл біздің адамдар жаман деген сөз емес. Бүкіл әлемде олар бірдей. Рас, бізде ертеңгі күнге деген сенім жоқ

Адамдар бүгінгі күнмен өмір сүреді

— Парламентшілер бізде бос отырмайды. Үнемі қандай да бір заңдар қабылдайды, өзгерістер енгізеді. Бұл бизнеске әсер ете ме?

— Әрине әсер етеді. Барлығы тұрақсыз. Үнемі өзгерістер, толықтырулар енгізіліп, заңдармен эксперименттер жүргізілуде. Теорияда бұл пайдалы болуы керек және сирек жағдайларда ол солай. Жалпы, бұл бизнеске теріс әсер етеді.

Заң шығару шағын және орта бизнестен алшақ

Жағдайды нашарлататын нормативтік-құқықтық актілер жиі қабылданады. Себеп: бизнес саласын және оның процестерін білмеу және түсінбеушілік. Сонымен қатар, ШОБ-та өз позициясын қорғауға ресурстар жоқ.

— Нәтижесі қандай?

— Нәтижесі белгілі: бізде көтерме және бөлшек сауда белсенді дамуда. Алды, сатып алды, қайта сатты, тапты. Адамдар бүгінгі күнмен өмір сүреді. Әдетте олар бөлшек саудадан басталады, ал сәттілікке ие адамдар көтерме сегментке өтеді.

Бизнес ақсақалдарының салалары

— 1% ұзақ өмір сүрушілердің арасында білім беру саласында жұмыс істейтін компаниялар бар. Бұл құбылыс қалай түсіндіріледі?

— Бұл феномен емес, ел азаматтарын тәрбиелеудің заңды нәтижесі. Адамдар мемлекетке сенбейді және өз ұрпақтарына сенеді. Сондықтан олар балаларының жақсы біліміне инвестиция салуға тырысады. Біздің көпшілігіміз дәл осылай ойлайды.

— Онда 1%-да құрылыс компаниялары көп. Біз үшін құрылыс әрқашан тиімді ма?

— Мемлекетпен үлестес компаниялар үшін тиімді. Бұл көбінесе квазимемлекеттік сектор. Тұрғын үй және инфрақұрылым. Жолдар қанша рет қайта салынғанын, еліміздің қалаларының орталығындағы шекаралар өзгергенін есіңізде сақтаңыз. Бұл бюджетті игерудің тағы бір тәсілі.

Ең бастысы — ақша жұмсау

— Үкімет деңгейінде бюджет қаражатын тиімді пайдалану туралы жиі айтылады. Шығару бар ма?

— Барлығы туралы айтуға болады. Бұл әрдайым бюджет қаражатын игеру туралы. Осы өлшем бойынша өңірлік әкімдердің жұмысы жиі бағаланады. Осы себепті үлкен қалалардың орталық аудандарына көп ақша жұмсалады. Біз LRT немесе BRT сияқты жобаларды жақсы көреміз, олар үлкен ақша талап етеді. Және ешқандай нәтиже бермейді.

— Сіз тізімдеген жобалар инвестиция сомасымен таңғалдырады. Бюджетті игеру ойы адамды ойламаған қадамдарға баруға итермелейді ма?

— Иә, бюджетті игерудің мақсаты адамдар, олардың қажеттіліктері мен әл-ауқаты туралы ой қозғайды.

Елде және шетелде бір шақырым жол салу құнын салыстырыңыз. Мемлекеттің шығындарына қарасақ, біздің жолдар алтыннан

Шенеуніктер коммуникацияны дамыту туралы ойламайды, адамдарды қала орталығынан қала маңына көшуге ынталандырмайды. Мен бұл туралы мүлдем ойланбайды деп ойлаймын. Негізгі ой — ақша жұмсау.

Бесінші доңғалақ

— Тимур Зеилович, сіз мәселенің түп-тамырын қалай көресіз?

— Ақша қайда бар болса бизнес сонда жүреді. Бұл мемлекеттің саясаты. Шенеуніктер көптеген жылдар бойы өз орындарында отырады. Көлденең және сәл тік ротация есептелмейді. Тек ставкалар өзгереді. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап ештеңе түбегейлі өзгерген жоқ. Мұнай компаниялары ақшаны Ұлттық Қорға жібереді. Фискалдар салық жинайды. Мәжілісмендер мұнай ақшасын құрылысқа және көтерме-бөлшек саудаға бөледі. Болды.

Бизнесті дамыту үшін қарапайым заттар қажет. Қайта реттеу бөлігінде мемлекеттің саясатын өзгерту және бизнесті жүктеуді тоқтату қажет. Мемлекет үшін кез-келген кәсіпкер — жау. Бизнеске кіруге арналған барлық бөгегіш тетіктерді алып тастау қажет. Өткен аптада тауарларға ілеспе жүккұжаттарға байланысты көптеген кәсіпорындардың жұмысы тұрып қалды.

Соттармен бір нәрсе істеу керек. Олар толығымен тәуелсіз болуы керек.

Бүгінде соттар мемлекет қатысатын істерде нотариус қызметін атқарады

Мемлекет кәсіпкерді айыптады. Сот шешімімен кәсіпкерді жазалайды. Мұның бәрі сирек жағдайларды қоспағанда, талқылауға жатпайды.

Тулкин ТАШИМОВ

ШЫМКЕНТТЕ 10 ЕЛДІ МЕКЕН САПАЛЫ ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Сапалы электр қуатымен қамту көрсеткіші 97%-ға жетеді.

Шымкентте өткен жылы 13 елді мекен сапалы электрмен қамтылып, көрсеткіш 95% құрады, деп хабарлайды ERNUR.KZ.

Қаладағы 81 елді мекеннің 65-іне сапалы электр тартылған, 16-сы жекеменшік трансформатордан жарық алып отыр. Бұл аумақтарда электр сапасын жақсарту мақсатында биыл 16 нысанның құрылысы жүргізіледі.

Жыл соңына дейін Достық, Жаңаталап, Қайнар бұлақ, Солтүстік саяжай, Ынтымақ-2, Айкөл, Игілік, Тәуелсіздікке 20 жыл, Жалын, Ақжар елді мекендерін сапалы электр қуатымен қамтылып, жалпы көрсеткіш 95%-дан 97 пайызға жетеді.

2022 жылы сапалы жарықпен қамтылатын Бозарық-2, Батыс, Достық, Тұран, Нұртас шағын аудандары мен Сәуле 276 орамының құрылысына жобалық сметалық құжаты әзірленген.

Қаланы үздіксіз электр энергиясымен қамту мақсатында 2022-2025 жылдары 3 қосалқы станциясын салу жоспарланған. Оның ішінде 110 кВ «Ынтымақ» құрылыс-монтаж жұмысына бюджеттен 6 млрд теңге қаралса, 220 кВ «Қызылсу» мен «Нұрлы» қосалқы станциясын мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында қарастырылып отыр.

МИНИСТРЛІК НЕГЕ РЕСЕЙ ВАКЦИНАСЫН ТАҢДАҒАНЫН ТҮСІНДІРДІ

Клиникалық зерттеуден өтіп, жаппай өндіріске жіберілген екпе.

Денсаулық сақтау министрлігі «Спутник V» вакцинасының тиімді екеніне толық сенімді.

«Қазақстан азаматтарына вакцина тегін салынады. «Спутник V» екпесі – әлемде ең бірінші адам аденовирусы негізінде жақсы зерттелген вакцина. Қазір бұл вакцина – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы таныған ең үздік 10 вакцинаның бірі. Клиникалық зерттеуден өтіп, жаппай өндіріске жіберілген екпе. КВИ індетіне қарсы тиімділігі – 100%-ға тең. Вакцинаның қауіпсіздік профилі жоғары, кері әсер аз. Адам иммунитетін ұзақ уақыт ұстап тұра алады», - дейді министрліктің баспасөз қызметі.